Даттың баласымын, - депті Сырым.

- Қой баға алмайтын жаманнан да қолақпандай ұл туады екен-ау,-дейді Бөкен.

6-тур: «Біз білмейтін бір мақал»

(Топтар күнделікті өмірде қолданылмайтын мақал-мәтелдерді айтып арнамалайды)

1. Қараңғыда тапқаныңды ханға берме,
Жарықта тапқаныңды жанға берме.
Мағынасы: еңбекпен тапқаныңды орынсыз шашпа.

2. Кісі болар баланың кісіменен ісі бар,
Кісі болмас баланың болып келер іші тар.
Мағынасы: болашақта жақсы азамат болатын бала кішкентайынан көпшіл, кеңпейіл болып келеді.

3. Өзін-өзі сыйлаған ер бақытты,
Өзін-өзі билеген ел бақытты.
Мағынасы: Адам әуелі өз қадірін білсе ғана ел мен жер қадірін біле алады.

4. Шын ер жеңсе, тасымас,
Жеңілсе жасымас.
Мағынасы: Қандай жағдай болса да, өз-өзіңді сабырлы ұстап үйрен.

Қорытынды. Ата-бабадан қалған асыл мұра мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды ұмытпай, жадымызға сақтап жүрейік, балалар! Бүгінгі сайысқа қатысқан оқушыларға рақмет айтамыз.

Осымен сайысымыз аяқталды.
Сөз кезегі қазылар алқасында.
Жеңген топты марапаттау.

1. Қардай аппақ,
Балдай тәтті-ақ (қант)
2. Күнде оған қараймын,
Қарап шашымды тараймын. (айна)
3. Аяғы жоқжүреді,
Аузы жоқ сөйлейді. (хат)
4. Шыр-шыр етеді,
Құлағыннан өтеді.
Ұстай алсаң,
Сөйлеп кетеді. (телефон)
5. Айналада ақ отау,
Аузы-мұрны жоқ отау. (жұмыртқа)
6. Қабат-қабат қаттама,
Ақылың болса, аттама. (кітап)
7. Өшірді, сүртті,
Өзгені құртты,
Өзін де құртты. (өшіргіш)
8. Үйреткен білімді
Қырық екі ілімді. (алфавит)